


2020 жылға Жылдық Есеп



«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы
Ұлттық ғарыштық байланыс операторы

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі



«РФБО» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы
Баубек Оралмағамбетов

Құрметті әріптестер, серіктестер, клиенттер!

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ (бұдан әрі – «РФБО» АҚ\Қоғам) – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыштық байланыс операторы 2020 жылды сәтті аяқтады. Қазғарыш жүйесіндегі жетекшілердің бірі болып табылатын «РФБО» АҚ ұжымы жерсеріктік операторларға транспондер сыйымдылығын жалға беру арқылы ақпараттық технологиялар мен телекоммуникация қызметтерінің қазақстандық нарығын толығымен қамтамасыз етеді.

2020 жылы «ҚазСат» ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесін пайдаланудан түскен жалпы кіріс 6,73 млрд. теңгені құрады, жыл сайынғы импортты алмастыру 11,7 млрд. теңге деңгейінде қамтамасыз етілді, 2020 жылға салық 1,2 млрд. теңгеден астам аударылды.

Ғарыштық байланыс жүйесі жұмыс істеген кезеңде мемлекет бюджетіне барлығы 7 млрд. теңгеден астам қаржы аударылды. 2020 жылдың соңында «РФБО» АҚ шамамен 640 миллион теңге таза пайда алды.

2020 жылы «KazSat-2R» жобасының тоқтатылуына байланысты «РФБО» АҚ ұжымына өзінің күш-жігерін перспективалы ғарыштық байланыс технологияларын, оның ішінде геостационарлық емес кең жолақты жерсеріктік байланыс жүйелері сияқты жаңа буын жүйелерін енгізуге, «KazSat-2» FA ауыстыру бөлігінде балама шешімдерді әзірлеуге жұмылдыру тапсырылды. Қазіргі уақытта «РФБО» АҚ мамандары ГСЕО жүйелерін Қазақстан Республикасының мүддесі үшін қолдану бойынша ГСЕО провайдерлерімен ынтымақтаса бастады.

«РФБО» АҚ мамандарының жоғары кәсібилігінің, шебер басшылығының арқасында бірінші қазақстандық ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесі «KazSat» әдеттегідей жұмысын жалғастыруда. 2020 жылы «РФБО» АҚ жақсы нәтижелерге, белгіленген жоспарларға қол жеткізді, бұл оның Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыштық байланыс операторы ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі «РФБО» АҚ тұрақты жұмысына және одан әрі дамуына ықпал ететін шешімдер қабылдауды жалғастыруға ниетті. Ғарыштық байланыс мамандары Қазақстанның ғарыш саласындағы үздік компанияның қалыптасқан дәстүрлерін сақтап, озық технологияларды енгізу, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, жаңа табыс көздерін іздеу, жоғары жұмысқа қабілеттілік пен ұжымда жақсы микроклиматты сақтау арқылы оның тұрақты дамуын жалғастыратынына сенімдімін.

Директорлар кеңесі атынан «РФБО» АҚ-ның барлық әріптестеріне, серіктестеріне және клиенттеріне қол жеткізген нәтижелер, іске деген адал көзқарасы үшін алғысымды білдіремін және амандық және жаңа еңбек табыстарын тілеймін.

Құрметпен,
Баубек Оралмағамбетов,
«РФБО» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы



Басқарма Төрағасының үндеуі



«РФБО» АҚ Басқарма
Төрағасы
Мәлік Жүйріктаев

Құрметті Директорлар кеңесінің мүшелері, әріпА
тестер, серіктестер, достар!

2020 жылы «РФБО» АҚ жұмысының нәтижелері пандемияға қарамастан сәтті болды. Карантин жағдайында РФБО объектілерінде коронавирустың алдын алу бойынша шектеу іс-шараларының режимі күшейтіліп, ғарыштық байланыс жүйесі (ФБЖ) жұмысының толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Құрамында «KazSat-2» және «KazSat-3» екі байланыс жерсерігі бар «KazSat» ФБЖ штаттық режимде жұмыс істейді, жүктемесі 74% құрайды.

Ғарыш аппараттарын тәулік бойы басқаруды біздің мамандар негізгі жерүсті кешен – Ақмола облысындағы «Ақкөл» ғарыштық байланыс орталығынан (ФБО) және Алматы облысындағы «Көктерек» резервтік ФБО жүзеге асырады.

Бүгінде «KazSat» байланыс жерсеріктерінің қызметтерін еліміздің аумағында орналасқан 13 мыңнан астам жерсеріктік байланыстың жер станциялары бар 15 негізгі қазақстандық байланыс және хабар тарату операторлары пайдаланады.

2020 жылы «РФБО» АҚ мемлекеттік бюджетке 1,2 млрд. теңгеден астам салық аударды, ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану кезеңінде барлығы салықтың жалпы сомасында 7 млрд. теңгеден астам қаржы аударылды.

«KazSat» ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесін пайдаланудан түскен жалпы кіріс 2020 жылы 6,73 млрд. теңгені құрады, таза пайда шамамен 640 млн теңгені құрады.

Еліміздің Үкіметі цифрландыру және перспективті ғарыштық байланыс технологияларын тиімді пайдалану бойынша алға қойған мемлекеттік міндеттерге байланысты, РФБО ұжымы Қазақстан Республикасының мүддесі үшін жаңа буынның жерсеріктік жүйелерін пайдалану бойынша геостационарлық емес кең жолақты жерсеріктік байланыс жүйелерінің (ГСЕО) провайдерлерімен ынтымақтастықты бастады. Сондай-ақ "KazSat-2" ҒА алмастыру жұмыстары жүргізілуде. Біз төмен орбиталық қызметтерден де, геостационарлық орбитада классикалық жерсеріктерден де бас тартпай, жаңа ашылатын барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз. Менің ойымша, ең оңтайлы екі жүйені бір-бірін толықтыратындай пайдалану болады.

Ғарыштық байланыс жүйесінің барлық стратегиялық міндеттері орындалады. «KazSat» әрекет етуші тобы бүгінде бар сұранысты толығымен қамтамасыз етіп отыр.

«Kazsat-2» жерсерігінің белсенді қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік органдар мен әскери қызметінің желілері Kazsat-3-ке ауыстырылады. Осылайша, стратегиялық міндеттерді, оның ішінде цифрлық телерадио хабарларын таратуды, ақпараттық қауіпсіздікті және елдің қорғанысын қамтамасыз етуді «Kazsat-3» жерсерігі орындайды, сыйымдылығы осы мақсаттарға жеткілікті. Болашақта «KazSat-3» жерсерігін жоспарлы ауыстыру (шамамен 2029 жылы) сол кездегі технологиялардың барлық тенденциялары мен дамуын ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Қазіргі уақытта біздің компанияның алдында халықаралық деңгейге шығу, өнімді экспорттауды қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл тұрғыда Орталық Азияның бірқатар елдерімен ынтымақтастықтың басталуы байқалады.

Біздің кәсіпорынның жерсеріктік байланыс және хабар тарату жүйесін құру мен пайдаланудағы 16 жылдық тәжірибесі, РФБО мамандарының қуатты және біртұтас ұжымы ғарыш жүйелерін одан әрі жетілдірудің жаңа талаптарымен қатар жүруге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Осы жылдар ішінде мемлекеттік тапсырманы орындаудағы жоғары жауапкершілікті түсіне отырып, «РФБО» АҚ өзіндік дәстүрі бар Қазақстанның ғарыштық байланыс саласындағы кәсіби мамандар ұжымы ретінде танылды.

«РФБО» АҚ Басқармасы қызметкерлердің кәсіби деңгейін, әлеуметтік жауапкершілігін қолдау, компания серіктестерімен жемісті ынтымақтастықты нығайту, жаңа ғарыштық технологияларды пайдалану саясатын жалғастырады, бұл бізге Қазақстанның ғарыш саласы жүйесіндегі жетекші кәсіпорын мәртебесін сақтауға және нығайтуға мүмкіндік береді.

Құрметпен,
Мәлік Жүйріктаев,
«РФБО» АҚ
Басқарма Төрағасы



Есептік кезеңдегі уақиғалар





Қоғам туралы

«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы № 1355 «Ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату спутнигін құру және ұшырудың кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес құрылды.

Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып табылады.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 142 «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті жүзеге асырады.

Қоғамның жоғары басқару органы жалғыз акционер – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті болып табылады.

Басқару органы – Директорлар кеңесі.

Атқарушы органы Басқарма болып табылады.

Қоғамның жарғылық капиталы республикалық бюджет қаражаты есебінен қалыптастырылады, бір акцияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңгені құрайды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жарғылық капиталы 47 035 667 мың теңгені құрайды.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясының, «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, Жарғысының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ ішкі құжаттардың негізінде жүзеге асырады.

Жарғыға сәйкес Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- 1) ұлттық байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын және жерүсті ұшуды басқару кешенін пайдалану;
- 2) ұлттық байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарының транспондерлерін ұсыну;
- 3) жерсеріктік желілерді құру және олардың негізінде телекоммуникация қызметтерін ұйымдастыру (телепорттық қызметтер) үшін технологиялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
- 4) ұлттық геостационарлық байланыс және хабар тарату жерсеріктерін және ғарыш аппараттарын жерүсті басқару жүйелерін қоса алғанда, ғарыштық байланыс жүйелеріне техникалық тапсырмалар мен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу;
- 5) халықаралық шарттар негізінде байланыс мәселелері бойынша халықаралық қызметті жүзеге асыруға қатысу;
- 6) Қоғам 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзіммен меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару саласындағы қызметті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 795 қаулысына сәйкес Қоғам келесі міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғарыштық байланыс жүйесінің ұлттық операторы болып белгіленді:

- ғарыштық байланыс жүйесінің техникалық жұмысын қамтамасыз ету;
- жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ғарыш аппараттарының транспондерлерін ұсыну бойынша қызметтерді көрсету.

Байланыс және хабар тарату ғарыш аппараттарын пайдалану және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жерүсті инфрақұрылымын пайдалану мақсатында, ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі Қоғамға 2005 жылғы 28 мамырдағы № 0012891 лицензиясын берді (ҚР бүкіл аумағында қолданылады). Қоғам атауының өзгеруіне байланысты осы қызмет түріне лицензия 2011 жылғы 18 сәуірде № 0012901 қайта жаңартылды.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның еншілес ұйымы «Қазсат» АҚ бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 1557 қаулысымен Қоғам «Қазсат Басқарушы компаниясы» АҚ құрамына қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды. 2013 жылғы 20 наурыздағы Табыстау актісіне (ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 20.03.2013 ж. № 195 бұйрығы) сәйкес «Қазсат» Басқарушы Компаниясы» АҚ-ның барлық мүлік, құқықтары мен барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелері бойынша міндеттері Қоғамға берілді. Құқықтық мирасқорлыққа сәйкес «Қазсат» АҚ акцияларына құқықтар Қоғамға өтті.

Нұр-Сұлтан қ. Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 09.01.2017 жылғы № 5073369549889510 шешімімен «Қазсат» АҚ 01.01.2017 жылдан бастап 31.12.2021 жылға дейінгі кезеңде салық есептілігін тапсыру тоқтатылды.

Қоғамның басқа елдер мен қалаларда филиалдары мен өкілдіктері жоқ, бірақ Алматы және Ақкөл қалаларында өзінің құрылымдық бөлімшелері бар.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша орташа жылдық қызметкерлер саны 211 адамды құрады.



«РҒБО» АҚ қызметінің 2020–2024 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары:

Миссия

Біз Қазақстанның Цифрлық Экономикасының тұрақты дамуына, бизнес пен халықтың әл-ауқатын арттыруға үлес қоса отырып, ішкі және халықаралық нарықтарда ғарыштық байланыс саласындағы ең жақсы шешімдерді ұсынамыз.

Болашаққа көзқарас

KazSat Жібек жолы аймағындағы елдердің спутниктік операторлары арасындағы ынтымақтастық шекарасын кеңейтеді және саясат, бизнес және ғылыми-зерттеу институттарының қиылысында заманауи аэроғарыштық қызметтерді көрсетуді ұйымдастырумен тұтынушыға бағдарланған Қазақстанның ұлттық мүмкіндіктерін нығайтуға арналған ғарыш инфрақұрылымын жасайды.

1.

Стратегиялық бағыт :
Қоғам қызметінің коммерциялық нәтижелерін жақсарту.
Мақсат: Қоғамның жобалары мен ағымдағы қызметін қаржыландыру үшін ақша массасының қажетті деңгейін қамтамасыз ету.

2.

Стратегиялық бағыт:
Қазақстан Республикасындағы ғарыштық байланыстың дамуы
Мақсаты: «KazSat» сериялы FA орбиталық шоқжұлдыздарын жаңарту және Қоғамның өзара тиімді шарттарында Қоғамды халықаралық жерсеріктік байланыс шоқжұлдыздарымен интеграциялау.

3.

Стратегиялық бағыт:
Қоғам қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру
Цель: Мақсаты: Қоғам қызметін жүйелі, тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз ету.



Ғарыштық байланыстың дамуы

1.

KazSat-2R» жобасы бойынша

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығымен (20.03.2020 ж. № 6 / НҚ) «KazSat-2R ғарыштық байланыс жүйесін құру және пайдалануға енгізу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі (бұдан әрі – «KazSat-2R» жобасы) 1296 МГц жерсеріктік өткізу қабілеттілігімен 57,6 млрд.теңге сомасына бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 187 қаулысымен «KazSat-2R» жобасы мемлекеттік тапсырмалар тізбесіне енгізілді. Мемлекеттік тапсырманы орындаушы болып «Ghalam» ЖШС тағайындалды.

2020 жылдың 30 қазанында KazSat-2R жобасының бюджеттік бағдарламасының Әкімшісі атынан ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі – ҚР ЦДИАӨМ АҒК) және «Ghalam» ЖШС арасында мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды. «РФБО» АҚ мемлекеттік тапсырма шартына қосымша - «KazSat-2R» ФБЖ техникалық ерекшелігін әзірледі.

«Ghalam» ЖШС «KazSat-2R» ФБЖ құру үшін «GSATCOM» (Түркия, Аргентина), «Энергия» ЗФК (РФ), «АЖЖ» АҚ (РФ) компанияларының арасынан «KazSat-2R» ФБЖ құру туралы шарт жасасу бойынша ғарыштық техникаларды өндіруші шетелдік серіктесті таңдады. Бұл келіссөздерге «РФБО» АҚ мамандары қатысты. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «GSATCOM» және «Энергия» ЗФК компанияларымен келіссөздер «сәтсіз» мәртебесімен аяқталды, «АЖЖ» АҚ-мен келіссөздерді жалғастыру 2021 жылдың қаңтарына ауыстырылды.

«РФБО» АҚ «KazSat-2R» жобасын жүзеге асыру үшін өз меншікті қаражатын бөлу негіздерінің құқықтық механизмін әзірледі. ҚР ЦДИАӨМ АҒК «KazSat-2R» жобасына «РФБО» АҚ-ның меншікті қаражатын тартудың осы тетігін енгізуді мақұлдады.

2.

Перспективалы ғарыштық жобалар бойынша

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының мүддесі үшін «РФБО» АҚ-ның халықаралық жерсеріктік байланыс шоқжұлдыздарына қатысуын пысықтау шеңберінде келесі компаниялармен келіссөздер жалғасты:

- **OneWeb** жобасы аясындағы ынтымақтастық бойынша OneWeb компаниясымен («Көктерек» ФБО-да SNP OneWeb (жерсеріктік желі порталы) құру және Біріккен кәсіпорынды ұйымдастыру бойынша келіссөздер жүргізілді. 2020 жылдың 9 қаңтарында OneWeb өкілдері Көктерек ФБО-на оның инфрақұрылымымен танысу және ЦДИАӨМ және «РФБО» АҚ басшылығымен ресми келіссөздер жүргізу үшін сапармен келді. Банкроттықтан кейін «Группа ВИС» АҚ-мен қазақстандық тараптың OneWeb жобасындағы үлесті сатып алуға қатысуы туралы келіссөздер жүргізілді. 05.06.2020 жылы «Группа ВИС» АҚ-мен Құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойылды.);

- **SpaceX** компаниясымен Starlink жүйесінің ГСӨО техникалық аспектілері бойынша;

- **SES** компаниясымен O3b mPOWER жүйесінің ГСӨО техникалық аспектілері бойынша;

- **Intelsat** компаниясымен «KazSat-2R» жобасы шеңберінде.

«**Satellite – 2020**» қатысу аясында SpaceX, Ariane Space, Saturn Sa, General Dynamics (16.04.2021 жылы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған), Swissto12, Hughes, GSATCOM және Turkish Aerospace, Euroconsult компанияларымен ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізілді.



«РФБО» АҚ қызметтерін жүзеге асыру

Тіркелген жерсеріктік байланыс арналарына, мемлекеттік және коммерциялық телерадио хабарларын таратуға қажеттілікті қанағаттандыру шеңберінде «РФБО» АҚ 16 тапсырыс берушіге, оның ішінде мемлекеттік органдарға, ҚР байланыс операторларына, ұлттық компанияларға, қорғаныс органдарына және жеке компанияларға қызметін ұсынады

1.

2020 жыл ішінде қызметтерді көрсетуге **40 шарт және 36 қосымша** келісім жасалды, оның ішінде:

- транспондер сыйымдылығын ұсыну бойынша – ұзақ мерзімді негізде 3 шарт және бір жылдық мерзіммен 14 шарт;
- тестілеуге 12 шарт;
- ілеспе қызметтерге 5 шарт;
- ақпаратты жарияламау туралы 2 келісім;
- 1 қызмет көрсету шартын бұзу туралы шарт;
- қосымша қызметтер көрсетуге 4 шарт (туралау мұнарасын, ТТК шатырын, АТЖ төбесіндегі эстакада алаңын жалдау).

2020 жылдың аяғында сатудан түскен кіріс **6,73 млрд. теңге**.

2.

31.12.2020 ж. жағдай бойынша «KazSat» сериялы ғарыш аппараттағы рындағы транспондер **сыйымдылығының жалпы жүктеме көлемі** 1 585,57 МГц құрады, оның ішінде:

- на КА «KazSat-2» - **597,46 МГц (69,15%)**;
- на КА «KazSat-3» - **988,11 МГц (76,24%)**.

2015 жылдан бастап Телепорт жұмыс істеуі кезеңінде ілеспе қызметтерді көрсетуден түскен кіріс «KazSat» ғарыштық байланыс және хабар тарату жүйесін пайдаланудан түскен жалпы кірістің 1,21%-ын құрайды.

«Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасының ауылдық елді мекендерді кең жолақты Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерінің бірін іске асыру шеңберінде байланыс операторы «КаР-Тел» ЖШС-мен «250+ ауылдық елді мекендердегі мобильді кең жолақты қолжетімділік» жобасы бойынша «KazSat» сериялы ғарыш аппараттарының 41,15 МГц көлемінде транспондерлік сыйымдылығын ұсыну туралы шарт жасалды.

2019 жылы «РФБО» АҚ Қырғыз Республикасының аумағында «ТелСервис ЛТД» ЖШС филиалымен 2 МГц көлемінде қызметтерді көрсету туралы шарт жасасу арқылы халықаралық нарыққа шықты. 2020 жылы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сыртқы нарықтағы жүктеу көлемі 30 МГц-ке дейін өсті.

Сыртқы нарықтарды дамыту мақсатында Қоғам Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Өзбекстан Республикаларының мемлекеттік органдарымен және байланыс және хабар тарату операторларымен «KazSat» сериялы ҒА жерсеріктік сыйымдылығын ұсыну бойынша ынтымақтастық және қызметтерді ілгерілету мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді.

Қоғам жыл сайын байланыс және хабар тарату операторларының «РФБО» АҚ ұсынатын қызметтерінің талаптары мен сапасына қанағаттану дәрежесіне бағалау жүргізеді. Сауалнама нәтижелері бойынша келесі критерийлер бойынша бағалаудың жоғары деңгейін көрсеткен талдау жүргізілді: ұсынылатын транспондер сыйымдылығы қызметтерінің сапасы, техникалық қолдау, тартымды баға, валюталық тәуел келдердің болмауы және ұсынылатын Телепорт қызметтерінің сапасы, қызметкерлермен өзара әрекеттесу (шапшаңдық, құзыреттілік, коммуникациялық дағдылар), бұл жиынтықта оң нәтиже берді және «РФБО» АҚ қызметтеріне 96,52% қанағаттанушылықты құрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыштық байланыс операторы құрамында келесілерден тұратын «KazSat» ғаҰрыштық байланыс жүйесінің жұмысын жүзеге асырады:

2 Ғарыштық байланыс орталығы

клиенттердің деректерін барынша қорғауға кепілдік бере отырып, ғарыш аппараттарын (FA) басқару бойынша үзіліссіз жұмысты жүргізеді. Орталықтар өзара алмастырылады.

«Ақкөл» FBO – 2005 жылдың желтоқсанында пайдалануға енгізілді, «KazSat» сериялы FA басқару үшін соңғы технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Орталықтың барлық жүйелері толығымен автономды, тәуелсіз және үздіксіз басқару тапсырмаларын орындауға, «KazSat» сериялы ғарыш аппаратының көрсетілген техникалық және баллистикалық сипаттамаларын бақылауға және қолдауға арналған. Қоғам мамандары күн сайын жабдықтаудың көмегімен борттық жүйелер мен ғарыш аппараттарының жинақтарының көрсетілген сипаттамаларын үздіксіз басқару, бақылау және қолдауды жүзеге асырады.

«Көктерек» FBO – 2013 жылдың маусым айында пайдалануға берілді. «Көктерек» FBO – «Ақкөл» FBO резервациялау үшін құрылған заманауи технологиялық орталық. Сондай-ақ «Көктерек» FBO Телепорт қызметтері – **Pre-hubbing, Collocation, Last-mile** ұсынады.

2 «KazSat» сериялы байланыс және хабар тарату жерсеріктері

«KazSat» Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын және Орталық Азия елдерін қамтиды.

«KazSat-2» жерсерігі

16 транспондер
864 МГц
Жалпы сыйымдылығы
86,5 ш.б.


«KazSat-3» жерсерігі

28 транспондер
1296 МГц
Жалпы сыйымдылығы
58,5 в.д.




ҚР "Ақпараттандыру туралы" Заңына сәйкес, РФБО" АҚ АКИАМО иесі ретінде өзінің "Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын" (бұдан әрі-АЖҚО) құру туралы шешім қабылдады. АЖҚО жобасын іске асыру шеңберінде есепті кезеңде "РФБО"АҚ қолданыстағы ақпараттық жүйелерінде ақпаратты қорғау құралдарының конфигурациясы және сынақтары бойынша іс-шаралар жүргізілді. Ақпаратты қорғау құралдары лицензиармен (ҚР ҰҚК) келісілді.



Есепті жылдың қаржылық және өндірістік нәтижелері



2019 жылдың көрсеткішіне қатысты жалпы пайданың төмендеуі "KazSat" ҒА сақтандыру бойынша шығыстарды өзіндік құнға жатқызумен байланысты. Бұрын бұл шығыстар басқа шығыстарға жатқызылды, өйткені олар республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен қаржыландырылды.



2020 жылы Қоғам ақша массасының құнсыздану тәуекелінің сақталуын қамтамасыз ету және төмендету мақсатында Қазақстан қор биржасындағы (KASE) мемлекеттік бағалы қағаздарға өз ақша қаражатын орналастыру бойынша жұмысты жалғастырды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша МБҚ-да ақшалай қаражатты орналастырудан түскен табыс **496,4 млн.** теңгені құрады.

ROA (активтердің рентабельділігі) – 2020: **0,014** ; 2019: **0,0212**

ROE (меншікті капиталдың рентабельділігі) – 2020: **0,014** ;

2019: **0,0214**

ROS (сатудың рентабельділігі) – 2020: **0,095** ; 2019: **0,1511**

Ағымдағы өтімділік коэффициенті – 2020: **79,58** ; 2019: **37,60**.

мың тг.

Активтер	31.12.2020 жағдайына	31.12.2019 жағдайына
----------	----------------------	----------------------

I. Қысқа мерзімді активтер

Ақша қаражаттары және олардың баламалары	16 221 044	12 514 938
Басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер	6 403	103
Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	763 423	695 762
Қысқа мерзімді жалдау бойынша дебиторлық берешек	270	10 354
Ағымдағы табыс салығы	84 752	84 752
Қорлар	33 957	51 253
Басқа қысқа мерзімді активтер	303 978	982 745
Жалпы қысқа мерзімді активтер	17 413 827	14 339 907
Сатуға арналған активтер (немесе шығару топтары)	86 967	85 290

II. Ұзақ мерзімді активтер

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық активтер	160 240	144 348
Басқа ұзақ мерзімді қаржылық активтер	108 829	108 829
Ұзақ мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	67 489	65 488
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	4 563 837	4 679 248
Негізгі құралдар	22 622 534	25 724 583
Материалдық емес активтер	251 165	308 056
Басқа ұзақ мерзімді активтер	1 956	3 177
Жалпы ұзақ мерзімді активтер	27 776 050	31 033 729
Баланс	45 276 844	45 458 926

Міндеттеме және капитал

31.12.2020 жағдайына

31.12.2020 жағдайына

III. Қысқа мерзімді міндеттемелер

Қысқа мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешек	55 469	55 469
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	108 993	108 993
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	910	910
Тұтынушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	14 359	14 359
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	172 928	172 928
Жалпы ағымдағы қысқа мерзімді міндеттемелер	352 659	352 659

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	39 236	39 236
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	16 176	16 176
Жалпы ұзақ мерзімді міндеттемелер	55 412	55 412

V. Капитал

Жарғылық (акционерлік) капитал	47 035 667	47 035 667
Басқа жиынтық кірістің құрамдас бөліктері	239 216	239 216
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	(2 224 028)	(2 224 028)
Меншік иелеріне тиесілі жалпы капитал	45 050 855	45 050 855
Барлық капитал	45 050 855	45 050 855
Баланс	45 458 926	45 458 926

* Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі мына сілтемеде:
<https://opi.dfo.kz/p/ru/DfoObjects/objects/teaser-view/26321?ElDossierTabId=AuditReports>

Алдағы кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар

1. «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесінің қалыпты жұмысы.
2. «РФБО» АҚ жаһандық геостационарлық емес жерсеріктік байланыс желілерін (OneWeb, O3b/O3b mPOWER, Starlink) орналастыру бойынша халықаралық жобаларға қатысуы.

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесі бар. Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Қоғамда Тәуекелдерді басқару саясатын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, есепті кезеңде тәуекелдерді басқару жүйесінің құжаттары әзірленді, оған енген, бірақ олармен шектелмейді: **Тәуекелдер картасы, Тәуекелдер тіркелімі, Тәуекелдерге әрекет ету іс-шаралар жоспары, Тәуекел-аппетит.** Қоғам қызметті жоспарлауда тәуекелге бағытталған тәсілді ұстанады.

Бұл ретте Қоғам тәуекелдерді басқару үдерісін жетілдіруді қамтамасыз етеді. Жоғарыда аталған құжаттар **техникалық, операциялық, стратегиялық, құқықтық, қаржылық-экономикалық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін** қамтитын саладағы (атап айтқанда, жерсеріктік байланыс және хабар тарату) Қоғамның тәуекелдері туралы негізгі ақпаратты қамтиды.

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қоғамда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бар, қызметкерлер Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұйымдастырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға (оның ішінде онлайн режимінде) қатысты, бос лауазымдарға үміткерлерден сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін қажетті құжаттар сұралды.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жыл сайын жүргізіледі.

Корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің құрамы және меншік құрылымы; Директорлар кеңесінің құрамы.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті Төрағасының 2019 жылғы 15 шілдедегі № 53/НҚ бұйрығымен бекітілген «РФБО» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделген және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Кодекстің негізін қалаушы принциптер:

1. Өкілеттікті ажырату принципі;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;
3. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқару принципі;
4. Тұрақты даму принципі;
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит принципі;
6. Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу принципі;
7. Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудағы ашықтық пен объективтілік қағидаты.

Кодексте белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Қоғам қызметіне объективті талдау жүргізу және талдаушылардан, қаржылық кеңесшілерден және рейтингтік агенттіктерден ұсыныстар алудың тиімді тәсілін құруға ықпал етеді. Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті болып табылады. Қоғамның корпоративтік басқару құрылымының шеңберінде Қоғам органдары арасындағы міндеттерді бөлу айқындалады. Қоғамның органдары:

- Жоғары органы – Жалғыз акционер;
- Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- Атқарушы орган - Басқарма;
- Қаржы-шаруашылық қызметке бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі 8 мүшеден тұрды (Оралмағамбетов Баубек Жеткергенұлы, Тәшенев Бақытбек Хакімұлы, Рахымжанов Дәурен Ғалымұлы, Жүйріктаев Мәлік Қуанышбекұлы, Нұршабеков Ризат Рахатбекұлы, Жексембаев Қуандық Аманжолұлы, Худайбергенов Олжас Абдумәлікұлы, Айтмағамбетов Алтай Зұфарұлы), оның ішінде 3 тәуелсіз директорлар (Жексембаев Қуандық Аманжолұлы, Худайбергенов Олжас Әбдімәлікұлы, Айтмағамбетов Алтай Зұфарұлы).

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды, олардың тәуелсіздігін анықтау өлшемдерін көрсете отырып, іріктеу процесі «РФБО» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі.

2020 жыл ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 10 отырыс өткізді (көзбе-көз – 2, сырттай – 8). Есепті кезеңде Қоғам қызметіне қатысты 54 мәселе қаралды. 2020 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі жанынан 3 комитет жұмыс істеді:

Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы – Жексембаев Қуандық Аманжолұлы);

Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегия және қаржы комитеті (Комитет төрағасы – Худайбергенов Олжас Әбдімәлікұлы);

Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті (Комитет төрағасы – Айтмағамбетов Алтай Зұфарұлы).

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Қоғамда корпоративтік басқару процесінің бірізділігі мен жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, ол Қоғам қызметінің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдайды.



2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам Басқармасы келесі құрамда болды

Аты-жөні	Отырыстарға қатысу		Лауазымы	Басқарма мүшесі болу мерзімі
	Саны	Пайыз		
1. Жүйріктаев Мәлік Қуанышбекұлы	17*-ден 16	94%	Басқарма мүшесі – Басқарма Төрағасы	2020 жылдың 01 қазанынан - 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін
2. Свогузов Шоқан Ғалиханұлы	45-ден 41	91%	Басқарма мүшесі - Басқарма Төрағасының орынбасары	2019 жылдың 25 ақпанынан - 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін
3. Ли Виталий Ростиславович	45-ден 41	91%	Басқарма мүшесі - Басқарма Төрағасының орынбасары	2019 жылғы 29 наурыздан – 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін
4. Доғамбеков Әділет Дәулеткерейұлы	3*-тен 3	100%	Басқарма мүшесі - Басқарма Төрағасының орынбасары	2020 жылдың 22 желтоқсанынан - 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін

* Кестеде Басқарма мүшелерінің жұмыс уақытындағы қатысу пайызы көрсетілген.

Қоғам Басқармасы мүшелерінің 2020 жылы жеке отырыстарға қатысуы. 2020 жылдың басынан бері Қоғам Басқармасы 45 отырыс өткізді. Есепті кезеңде Қоғам қызметіне қатысты 170 мәселе қаралды.

2020 жылы өткізілген отырыстар саны	Бетпе-бет	Сырттай	Қаралған мәселелер саны	Орындалды	Орындалмады	Шешімнің күші жойылды	Мәселе күн тәртібінен алынып тасталды
45	45	0	170	163	1**	5	1

** Қоғамның Директорлар кеңесінің Жоспарынан алынып тасталды (Мәміле жасауға Қоғамның мүддесі бар мәміле жасасу).

2020 жыл ішінде Қоғам Басқармасы 45 отырыс өткізді, оның ішінде 45-і көзбе-көз және сырттай 0. Қаралған мәселелер саны 170, Басқарманың 163 шешімі орындалды, Басқарманың 5 шешімінің күші жойылды, 1 мәселе күн тәртібінен шығарылды.

«РҒБО» АҚ Басқарма төрағасын қоспағанда, Қоғамның Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мәселеілері «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 2 хаттамасы шешімімен бекітілген «РҒБО» АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттары туралы ережемен реттеледі.

«РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасына сыйақы төлеу мәселесі Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 131/НҚ бұйрығымен бекітілген ««РҒБО» АҚ-ның атқарушы органының басшысына еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттары туралы ережемен реттеледі.

Басқарма мүшелерінің құрамы мен өмірбаяндары

Жүйріктаев Мәлік Қуанышбекұлы – Басқарма Төрағасы – Басқарма мүшесі 1973 жылы туған. 2005 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін экономист-менеджер мамандығы бойынша, 2010 жылы Алматы энергетика институтының Радиотехника және байланыс факультетін Инженер-электрон мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1995 жылы Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясында бастады. Ол қатардағы инженерден Қазақстанның жетекші байланыс кәсіпорындарының аймақтық бөлімшелерінің басшысына дейін өсті. «Қазақтелеком» ҰАК жүйесінде, «Транстелеком» АҚ жүйесінде, жеке құрылымдарда әртүрлі басшылық қызметтерде жұмыс істеген. 2017-2019 жылдар аралығында «РҒБО» АҚ коммерциялық мәселелер жөніндегі вице-президенті, аппарат басшысы қызметтерін атқарған. «РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалғанға дейін «Қазақтелеком» АҚ-да «Востоктелеком» ЖШС бас директорының орынбасары қызметін атқарған. М.К. Жүйріктаевтың жұмыс тәжірибесі 25 жылды құрайды, оның 17 жылы байланыс саласында болған, ол «Үздік Байланысшы» құрметті атағының иегері. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитеті Төрағасының бұйрығымен Мәлік Қуанышбекұлы Жүйріктаев 2020 жылғы 1 қазаннан бастап «РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

Ли Виталий Ростиславович – Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі 1984 жылы туған. 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясын бітірген. 2009 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін экономика мамандығы бойынша тәмамдаған. 2019 жылдың 29 наурызынан бастап «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Доғамбеков Адлет Дәулеткерейұлы – Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі 1984 жылы туған. Доғамбеков Адлет Дәулеткерейұлы – Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі 1984 жылы туған. 2006 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетін, 2009 жылы Қазақ гуманитарлық-құқықтық инновациялық университетін заңгер бакалавры мамандығы бойынша бітірген. 2006-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы СІМ жүйесінде жұмыс істеген, «екінші класты екінші хатшы» дипломатиялық дәрежесі бар. 2012 жылдан бастап коммерциялық құрылымдарда басшылық қызметтерді атқарды. «РҒБО» АҚ-на тағайындалғанға дейін «Солтүстік» ӘКК» АҚ Инвестициялық жобалар бойынша кеңесші қызметін атқарды. 2020 жылдың 22 желтоқсанынан бастап «РҒБО» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Нұр-Сұлтан қ.

Свогузов Шоқан Ғалиханұлы – Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі 1978 жылы туған. 2000 жылы Санкт-Петербург қаласындағы А.Ф.Можайский атындағы Әскери инженерлік-ғарыштық Қызыл ту академиясын Радиоэлектрондық техника инженері мамандығы бойынша бітірген. 2019 жылдың 25 ақпанынан бастап «РҒБО» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Юрий Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің Естелік төсбелгісімен марапатталған, 2011 ж.; «Авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов» медалімен, 2015 ж.; «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, 2016 ж. марапатталған.



Тұрақты даму

Тұрақты даму мақсатында «РҒБО» АҚ-ның 2020-2024 жылдарға Стратегиялық жоспарын (5 жыл) әзірлеп, бекітті.

«РҒБО» АҚ стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасының ғарыштық байланысын сапалы дамытуға, ынтымақтастық пен қызметтің шекарасын кеңейтуге, коммерциялық нәтижелер мен көрсеткіштерді жақсартуға, үздіксіз дамыту мен жинақталған білім капиталын тиімді пайдалану және ұйымшыл мамандар ұжымының еңбек ресурстарын тиімді пайдалану арқылы жетілдіруге бағытталған.

Құжат компания дамуының үш негізгі стратегиялық бағытын анықтайды:

- 1: Қоғам қызметінің коммерциялық нәтижелерін жақсарту.
Біз жобаларды және Қоғамның ағымдағы қызметін қаржыландыру үшін ақша массасының қажетті деңгейін қамтамасыз етуді мақсат етеміз.
- 2: Қазақстан Республикасының ғарыштық байланысын дамыту.
Біз «KazSat» сериялы ҒА орбиталық шоқжұлдыздарын жаңартуға және Қоғамды өзара тиімді шарттарда халықаралық жерсеріктік байланыс шоқжұлдыздарымен интеграциялауға мақсат етеміз.
- 3: Қоғам қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру.
Біз Қоғам қызметін жүйелі, тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз етуге мақсат етеміз.

Жалғыз акционердің KPI үміттерін орындау

Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Салмағы	Нақты 2019	Жоспар 2020	Нақты 2020	Орындалуы
Таза табыс	млн. теңге	15%	963,67	540,06	637,98	18%
Сатудан түсетін түсімдер	млрд. теңге	15%	6,38	6,72	6,73	15,02%
Халықаралық нарыққа шығу	МГц	5%	2	5	30	30,0%
«KazSat-2R ғарыштық байланыс жүйесін құруға және пайдалануға берудің техникалық ерекшелігін бекіту	Бірл.	10%	-	1	1	10%
Ғарыштық байланыс жүйелерінің өнімдері мен қызметтеріне елдің қажеттіліктерін қанағаттандыру	МГц	10%	1606,53	1570	1 585,57	10,1%
Жаңа бастамалар (жаңа келісімдер, шарттар, келісім-шарттар, жобалар саны)	Саны	5%	-	не менее 3	3	5%
Бекітілген Даму жоспарының жоспарланған мәндерінен әкімшілік шығыстар деңгейінен аспауы	млн. теңге	5%	547,64	681,73	575,45	5%
Бір қызметкерге шаққандағы еңбек өнімділігі	млн. теңге/ айына	10%	2,43	2,56	2,65	10,35%
Өз клиенттеріне ғарыштық байланыс және басқа да қызметтерді үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ету	%	15%	100	100	100	15%
Сотта Қоғамның мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғаудың нәтижелілігі	%	5%	96	80	60	5%
ИТҚ кадрларының ауысу деңгейі	%	5%	-	11	7,5	5%
Барлығы:		100%				128,47%